ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 маусым №2301-24-00-2/1316 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы С.К.Сапарбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Б.Нысанбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 964 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері К.Жаксыгалиева, А.Саркулова
Прокурор А.Сағындықов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 07 наурызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №17 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «50 дана полипропиленді скотч» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 34 450 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде, яғни 2024 жылғы 3 сәуірге дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, тараптардың арасындағы шарт 2024 жылғы 2 мамырда

бұзылған, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 07 наурызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №17 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «50 дана полипропиленді скотч» жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде, 2024 жылғы 3 сәуірге дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, тауар шартта белгіленген мерзімде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 28.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Дәурешова О. Ш., 29.07.2024

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші орындаушыдан өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктірілген 28 күнге (2024 жылғы 04 сәуірден 02 мамырға дейін) 965 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден 965 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 875 (1 846+29) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Б.Нысанбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 965 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Еркежан Рахатовна Кенжебековадан мемлекет кірісіне 965 (тоғыз жүз алпыс бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 875 (бір мың сегіз жүз жетпіс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 28.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Дәурешова О. Ш., 29.07.2024
2301-24-3-1/1378

шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 28.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Даурешова О. Ш., 29.07.2024

2301-24-3-1/1378